

**ЖШС «Бақ-Ислам» балабақшасының  
Ата-ана жиналысының  
Хаттамасы.№1**

**Тақырыбы:** «Жаңа оқу жылы: мақсаттар мен міндеттер»

**Өткізілген уақыты:** 2025 ж. қыркүйек айы

**Өткізілген орны:** Балабақша топ бөлмесі

**Қатысқандар:** Топ тәрбиешілері, ата-аналар

**Күн тәртібі:**

1. Жаңа оқу жылына арналған балабақша жұмыс жоспары туралы таныстыру.
2. Топ тәртібі мен күнделікті режимді ата-аналарға түсіндіру.
3. Балалардың қауіпсіздігі ережелерімен ата-аналарды таныстыру.
4. Ата-аналар мен педагогтер арасындағы серіктестікті нығайту.

**Жиналыс барысы:**

**1-мәселе бойынша** Топ тәрбиешісі жиналысты ашып, ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтады. Балабақшаның 2025–2026 оқу жылына арналған негізгі мақсаттары мен міндеттері туралы қысқаша ақпарат берді. Жоспарда балалардың жан-жақты дамуына, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруіне, еңбекқорлыққа баулуға, сөйлеу және ойлау қабілетін жетілдіруге бағытталған шаралар қамтылғаны айтылды. Жиналыс барысында педагогтер ата-аналарға оқу жылына арналған жоспардың мазмұнын түсіндірді. Онда балалардың білім, тәрбие, даму бағыттары нақты көрсетілді: сөйлеу дағдыларын дамыту, математикаға алғашқы түсініктер беру, шығармашылық қабілеттерін арттыру, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру, табиғатты қорғауға тәрбиелеу және еңбекке баулу деп түсіндірді.

**2-мәселе бойынша** Әдіскер Топ режимі: балалардың күн тәртібіне сәйкес таңғы жаттығу, оқу іс-әрекеттері, серуен, ойын, тынығу, тамақтану уақыттары түсіндірілді. Баланың тәртіпке үйренуі – оның денсаулығы мен дамуына тікелей әсер ететіндігі атап өтілді. Таңертеңгі қабылдаудан бастап, жаттығулар, оқу іс-әрекеті, серуен, тынығу, ойындар – барлығы баланың денсаулығы мен дамуына жағдай жасайтыны түсіндірілді. Тәртіпті сақтау арқылы балада жауапкершілік, уақытты дұрыс пайдалану дағдылары қалыптасатыны ерекше атап өтілді.

**3-мәселе бойынша** Қауіпсіздік ережелері бойынша тәрбиеші ата-аналарға баланың жолда жүру, ойында өзін-өзі ұстау, электр құралдарымен ойнамау, ыстық сусындар мен қауіпті заттардан аулақ болу ережелерін еске салды. Сондай-ақ жазатайым жағдайлардың алдын алу үшін ата-ананың да жауапкершілігі зор екендігі айтылды.

Жиналыс соңында ата-аналар сұрақтар қойып, пікір алмасты. Ата-аналар мен педагогтер бірлескен жұмысты нығайтуға, бір-біріне қолдау көрсетуге уағдаласты.

**Шешім:**

1. Балабақша жоспары бойынша ата-аналарды хабардар етіп отыру.
2. Балалардың күн тәртібін үйде де сақтауға ата-аналарға ұсыныс жасау.
3. Қауіпсіздік ережелерін ата-аналар тарапынан қатаң қадағалау.
4. Ата-аналармен бірлесе отырып тәрбиелік іс-шараларды өткізу.

**Жиналыс төрайымы:** Смагулова.А.С

**Хатшы:** Уалиева.А

**ЖШС «Бақ-Ислам» балабақшасы**  
**Әкелер мектебі**  
**Дөңгелек үстел**

**Тақырыбы:** «Әке – отбасының тірегі»

**Өткізу формасы:** Дөңгелек үстел

**Мақсаты:** Әкенің отбасындағы тәрбиелік рөлін айқындау, балаға әке ықпалының маңыздылығын талқылау, ата-аналармен ынтымақтастық орнату.

**Қатысушылар:**

Топ әкелері, тәрбиешілер, педагог-ұйымдастырушы, психолог.

**Өткізу барысы:**

1. **Кіріспе сөз:** Жүргізуші әкенің отбасындағы орны, бала өміріндегі рөлі туралы қысқаша мәлімет береді. «Әке – отбасының тірегі, қорғаны, үлгі тұтар тұлға» деген халық даналығымен бастау.
2. **Бейнеролик көрсету (қысқа мотивациялық ролик):**  
«Әке махаббаты – ұрпаққа өнеге».
3. **Дөңгелек үстел сұрақтары:**  
Бала тәрбиесінде әке рөлі қандай болуы тиіс?  
Әкенің балаға үлгі болар әрекеттерін атаңыз.  
Қазіргі қоғамда әке тәрбиесіне байланысты қандай мәселелер бар?  
Әке мен баланың қарым-қатынасын нығайту үшін не істеу керек?
4. **Психолог кеңесі:**  
«Әке мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынасты дамыту жолдары» атты қысқаша кеңес.
5. **Тәжірибе алмасу:**  
Әкелер өз отбасылық дәстүрлерімен, бала тәрбиесіндегі тәжірибесімен бөліседі.
6. **Қорытынды:**  
«Әке – балаға қамқоршы ғана емес, өмір мектебіндегі ұстазы» деген ой түйіндеу.  
Әкелерге алғыс хат тапсыру.

## **ЖШС «Бақ-Ислам» балабақшасы**

### **Анықтама**

#### **Дөңгелек үстел: «Әке – отбасының тірегі»**

Балабақшада ата-аналармен серіктестік жұмысының бір бөлігі ретінде «Әке – отбасының тірегі» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – отбасындағы әкенің тәрбиелік рөлін талқылап, балаға әке ықпалының маңызын айқындау болды. Дөңгелек үстелде тәрбиешілер мен ата-аналар әкенің балаға берер өнегесі мен үлгісі туралы ойларын ортаға салды. Жүргізуші әке – отбасының тірегі ғана емес, баланың алғашқы ұстазы екендігін атап өтті. Әкенің сөзі, мінезі, іс-әрекеті балаға үлкен ықпал ететініне тоқталды. Әкелер өз тәжірибелерімен бөлісіп, бала тәрбиесінде қолданатын әдістері, отбасындағы қарым-қатынас дәстүрлері туралы айтты. «Әке мен баланың сенімді қарым-қатынасын нығайту үшін бірге уақыт өткізу, спортпен айналысу, еңбекте үлгі болу – маңызды қадамдар» деген пікірлер айтылды. Психолог әкенің балаға деген ықпалын ғылыми тұрғыдан түсіндіріп, әке мейірімі мен қолдауы баланың өзін-өзі бағалауы мен тұлғалық дамуына үлкен әсер ететінін атап өтті. Іс-шара соңында ата-аналар мен педагогтер отбасындағы әке тәрбиесін күшейту үшін бірлесіп жұмыс жүргізу қажеттігін мойындады. Балабақша тарапынан «Әке мен бала» бірлескен спорттық ойындарын, шығармашылық байқауларын өткізу жоспарланды.

«Әке – отбасының тірегі» атты дөңгелек үстел әкенің қоғам мен отбасыдағы орнын айқындап, бала тәрбиесінде әке рөлінің маңызын дәлелдеді. Іс-шара әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, ата-аналар мен педагогтердің ынтымақтастығын арттырды. Бұл кездесу әке тәрбиесінің – ұрпақ болашағы үшін негізгі іргетас екенін көрсетті.

**Директор: Смагулова.А**

**ЖШС «Бақ-Ислам» балабақшасы**  
**Ата-аналар жиналысының хаттамасы №3**

**Өткізілген күні:** мамыр айы

**Тақырыбы:** «Жазғы қауіпсіздік пен денсаулық»

**Мақсаты:** жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігін сақтау, денсаулығын нығайту, шынықтыру шараларын ұйымдастыру және ата-аналарға жазғы демалысты тиімді өткізу бойынша кеңес беру.

**Қатысқандар:** меңгеруші, әдіскер, медбике, тәрбиешілер, ата-аналар

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Жаз мезгіліндегі балалар қауіпсіздігі.
2. Балалардың денсаулығын нығайту және шынықтыру шаралары.
3. Әр топ бойынша жазғы жұмыс ерекшеліктері.
4. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру.
5. Ата-аналарға ұсыныстар.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**Бірінші мәселе бойынша: Садыкова Н.З.-** Балабақша меңгерушісі сөз алып, жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігін сақтау мәселесіне ерекше тоқталды. Ол жаз айларында балалардың көп уақытын таза ауада өткізетінін айтып, осы кезеңде қауіпсіздік ережелерін сақтау аса маңызды екенін түсіндірді. Ата-аналарға балаларды қараусыз қалдырмау, әсіресе су айдындарының маңында сақ болу қажеттігі ескертілді. Сонымен қатар, балалардың күннің ыстық уақытында ұзақ жүрмеуі, бас киім киюі, жеңіл әрі ыңғайлы киім киюі және жиі су ішуі қажеттігі айтылды. Меңгеруші балалардың терезе, электр құралдары, үшкір заттар, дәрі-дәрмектер сияқты тұрмыстық қауіптерден сақ болуы жөнінде де түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттігін атап өтті.

**Екінші мәселе бойынша: Белдикбаева С. -** Балабақша медбикесі жазғы сауықтыру және шынықтыру жұмыстары туралы баяндама жасады. Медбике балалардың иммунитетін көтеру үшін таза ауада көбірек серуендеу, қимылды ойындар ұйымдастыру, су процедураларын қолдану пайдалы екенін айтты. Сонымен қатар, дұрыс тамақтану мәселесіне тоқталып, жаз мезгілінде жеміс-жидек, көкөністерді көбірек пайдалану керектігін түсіндірді. Балалардың денсаулығын сақтау үшін күн тәртібін сақтау, уақытылы ұйықтау және жеке бас гигиенасын сақтау қажеттігі ескертілді. Медбике күн өтудің белгілері мен алғашқы көмек көрсету жолдары туралы айтып, ата-аналарға арнайы жадынамалар таратты.

**Үшінші мәселе бойынша: Әр топтың жазғы жұмыс ерекшеліктері**

**Кіші топ бойынша: Уалиева.А**

Кіші топ тәрбиешісі балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты қауіпсіздік жұмыстары күнделікті бақылауда болатынын айтты.

Балалардың жаз мезгілінде:

- құммен қауіпсіз ойнауы;
- ауызға бөгде зат салмауы;
- күн астында ұзақ жүрмеуі;
- су ішуді ұмытпауы қадағаланатыны түсіндірілді.

Кіші топ балаларымен көбіне қысқа серуендер, қарапайым қимылды ойындар және су шашпай ойнау сияқты жеңіл ойындар ұйымдастырылатыны айтылды.

Ата-аналарға балаларды ауа райына сай киіндіру, ауыстыратын киім салып беру және жеке бас тазалығына көңіл бөлу ұсынылды.

**Ортаңғы топ бойынша: Берчимбекова.Қ-**

Ортаңғы топ тәрбиешісі балалардың танымдық қызығушылығы артатын кезең екенін айтып, жаз мезгілінде табиғатты бақылау, тәжірибелік жұмыстар, қимылды ойындар көбірек ұйымдастырылатынын түсіндірді. Балалармен:

- гүлдерді суару;
- құммен құрылыс жасау;
- табиғатты бақылау;
- ұлттық және спорттық ойындар өткізу жоспарланғаны айтылды.

Сонымен қатар, жолда жүру ережелері, бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, судағы қауіпсіздік туралы түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілетіні айтылды.

**Ересек топ бойынша: Сақтғанова.М-**

Ересек топ тәрбиешісі балалардың дербестігі арта түсетінін айтып, осыған байланысты жауапкершілікке тәрбиелеу жұмыстары күшейтілетінін баяндады.

Балалармен:

- спорттық эстафеталар;
- қауіпсіздік ойындары;
- экологиялық акциялар;
- еңбек әрекеттері ұйымдастырылатыны түсіндірілді.

Балаларға төтенше жағдай кезіндегі әрекеттер, өрт қауіпсіздігі, суда өзін ұстау ережелері туралы практикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілетіні айтылды.

Ата-аналарға балалардың көшеде жалғыз жүрмеуін бақылау және велосипед, самокат тепкен кезде қауіпсіздік құралдарын қолдану қажеттігі ескертілді.

**Төртінші мәселе бойынша:** Әдіскер балалардың жазғы демалысын дұрыс ұйымдастыру мәселесіне тоқталды. Балалардың бос уақытын телефон немесе теледидармен емес, белсенді ойындармен, кітап оқумен, табиғат аясындағы серуендермен өткізу пайдалы екені айтылды. Ата-аналарға балалармен бірге ұлттық ойындар ойнау, табиғатты бақылау, шығармашылық жұмыстар жасау ұсынылды. Сонымен қатар, жаз мезгілінде баланың эмоционалдық жай-күйіне көңіл бөлу қажеттігі айтылды. Ата-аналар балалардың жазғы қауіпсіздігі бойынша сұрақтар қойып, өз пікірлерімен бөлісті. Кейбір ата-аналар балаларды шынықтыру әдістері, дұрыс тамақтандыру және судағы қауіпсіздік туралы кеңестер сұрады. Педагогтер мен медбике ата-аналардың сұрақтарына нақты жауап беріп, практикалық ұсыныстар айтты.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігін сақтау шаралары күшейтілсін.
2. Әр топта жас ерекшеліктеріне сай жазғы сауықтыру жұмыстары ұйымдастырылсын.
3. Ата-аналар балаларды қараусыз қалдырмау және жол қауіпсіздігін қатаң бақылауға алсын.
4. Шынықтыру және денсаулық сақтау шаралары тұрақты жүргізілсін.
5. Жазғы серуендер мен ойындар қауіпсіздік талаптарына сай ұйымдастырылсын.
6. Ата-аналармен түсіндіру және кеңес беру жұмыстары жалғастырылсын.

**Жиналыс төрайымы:** Смагулова А.

**Хатшы:** Уалиева.А